

Б.Қ.Исабек¹ , Л.С.Динашева^{2*} , М.Т. Тулеев³ , Г.Б.Қозғамбаева⁴ ¹ Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Шымкент қ., 160005, Қазақстан Республикасы² Халықаралық Туризм және меймандостық университеті
Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы³ Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы⁴ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы*E-mail: Lazat.Dinasheva@iuth.edu.kz

СОЛТҮСТІК КАВКАЗДАН ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАНДАРДЫҢ ТҮРМЫС ЖӘНЕ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ: 1944 ЖЫЛҒЫ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада 1943–1944 жылдардағы Солтүстік Кавказдан Оңтүстік Қазақстан облысына депортацияланған халықтардың қайғылы тағдыры зерттеледі. Күшпен қоныс аударудың себептері, көші-қон шарттары және оның салдары қарастырылады. Зерттеуде облыстық Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының (УИХК) баяндамалары, арнайы қоныс аударушыларды қоныстандыру мен жұмысқа орналастыру туралы баяндамалық хаттары, есептері, анықтамалары, сондай-ақ депортацияланғандардың саны жөніндегі статистикалық мәліметтері негізге алынды. Депортация 1943 жылдың қара күзінен бастап жүзеге асырылып, Солтүстік Кавказдан қарашайлар, чечендер, ингуштар, балкарлар және басқа да ұсақ халықтар еріксіз қоныс аударылды. Көші-қон барысында арнайы қоныс аударушылар ауыр жол азабын бастарынан өткізіп, азық-түлік пен медициналық көмек жетіспеушілігінен өлім-жітімнің жоғары болуына себеп болды. Оңтүстік Қазақстанға келген соң, депортацияланғандар барақтар мен сарайларда, өмір сүруге жарамсыз жеркепелерде тұруға мәжбүр болды. Мақалада депортацияланғандардың еңбек жағдайлары, жергілікті өмірге бейімделудегі қиындықтар және билік өкілдері тарапынан орын алған кемсітушілікпен жасалған еңбек шарттары да талданады. Арнайы қоныс аударушылар ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және құрылыс салаларында жоғары өнімділікпен еңбек етті, алайда олардың құқықтары шектеуді, еңбек ақысы төмен және азық-түлік жетіспеуі салдарынан өмір сүрудің басқа тәсілдерін іздеуге мәжбүр болды. Мақалада сондай-ақ депортацияның әлеуметтік және психоэмоционалды салдары, оның ішінде туған жеріне оралу үмітінің жоғалуы, әлеуметтік оқшаулану мен жатсыну сезімдері де талданады. Зерттеудің мақсаты – мұрағаттық құжаттар мен статистикалық материалдар негізінде 1943–1944 жылдары Солтүстік Кавказдан Оңтүстік Қазақстан облысына қарашайлар, шешендер, ингуштар, балкарлар және басқа да халықтардың мәжбүрлі депортациялануының ерекшеліктерін анықтап, талдау, олардың қоныс аудару, орналастыру және еңбек ету жағдайларын ашып көрсету, сондай-ақ депортацияның арнайы қоныстандырылған халықтарға және өңірге тигізген салдарын айқындау. Зерттеу нәтижесінде депортацияның әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдары айқындалып, дәстүрлі өмір салтының бұзылуы, туған жерінен айырылуы және ұзақ мерзімді реабилитация мәселелері анықталды. Мақала депортацияның аймақтық және ұлттық деңгейде тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында осы тақырыпты әрі қарай зерттеу қажеттілігін негіздейді.

Негізгі сөздер: Солтүстік Кавказ, арнайы қоныс аударушылар, Оңтүстік Қазақстан облысы, еңбек жағдайлары, тұрғын үй жағдайлары, еңбек ақысы.

Кіріспе

1943–1944 жылдардағы Солтүстік Кавказ халықтарының депортациясы Кеңес Одағының тарихындағы ең қайғылы және күрделі оқиғалардың бірі болды. Шешендер, ингуштар, қарашайлар, балкарлар және басқа да аз санды халықтар фашистік басқыншылармен ынтымақтастық жасады деген айыппен күштеп қоныс аударылды. Бұл оқиға Кеңес үкіметінің ішкі қауіптерден сақтану мақсатындағы репрессиялық саясатының бір бөлігі ретінде жүзеге асып, көптеген адамдардың тағдыры мен өміріне терең әсер етті. Депортацияның әлеуметтік, экономикалық және психоэмоционалды әсерлері әлі күнге дейін толық зерттелмеген, бұл

тақырыптың өзектілігін арттырады. Ғылыми айналымға жаңа ғана енгізілген архивтік құжаттар негізінде терең талдау жасау депортацияның ауқымды іздері мен ұзақ мерзімді салдарын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл зерттеу депортацияның нақты нәтижелері мен оның қоғамға тигізген ықпалы туралы жаңа деректер алуға жол ашады.

Депортацияның әлеуметтік, экономикалық және психоэмоционалды салдарын жан-жақты зерттеу аса маңызды. Күшпен қоныс аударылған халықтардың тұрмысы мен еңбек жағдайлары, жаңа жерге бейімделуі, сондай-ақ олардың тарихы мен мәдениетін қалпына келтіру қажеттілігі айқындалады. Жұмыстың ғылыми маңызы депортацияның кеңестік кезеңдегі әлеуметтік құрылымдарға және этносаралық қатынастарға ықпалын түсіну арқылы тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге, сондай-ақ кеңестік репрессияның салдарын зерттеу саласындағы білімді кеңейтуге бағытталған. Бұл зерттеу қазіргі қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік мәселелеріне де маңызды әсер етеді, себебі депортацияның нәтижелері бүгінгі күнге дейін көптеген халықтардың өміріне теріс ықпалын тигізуде.

Мақала мақсаты: 1943-1944 жылдары Оңтүстік Қазақстанға Солтүстік Кавказдан депортацияланған халықтардың тұрмысы мен еңбек жағдайларын жан-жақты талдау. Бұл жұмыс депортацияның әсері, жол азабы, әлеуметтік оқшаулану және жаңа ортаға бейімделу қиындықтарын зерттей отырып, қоныс аударушылардың тарихын жақсырақ түсінуге бағытталған. Сонымен қатар, еңбек жағдайларының ауырлығын және депортацияланған халықтардың физикалық, психоэмоционалды ахуалына тигізген ықпалын көрсетіп, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру қажеттілігін айқындауға тырысады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық тұғырын тарихи танымның тарихилық, объективтілік және жүйелілік қағидаттары құрайды. Мақалада тарихилық ұстанымын басшылыққа алу кеңестік тоталитарлық жүйенің күштеп қоныс аудару саясатын нақты уақыт пен кеңістік контекстінде, оның қалыптасу алғышарттары мен даму кезеңдерімен байланыстыра зерделеуге мүмкіндік берді. Ал объективтілік негізі архивтік құжаттарды саясиленбаған, бейтарап тұрғыда талдау арқылы Солтүстік Кавказ халықтарының Қазақстанға депортациялану үдерісінің шынайы сипаты мен олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын айғақты бағалауға мүмкіндік туғызды. Мұнымен қоса, жүйелілік тәсілін қолдану бұл тарихи қасіретті жекелеген оқиға ретінде емес, кеңестік репрессиялық аппараттың біртұтас тетігі ретінде кешенді түрде қарастыруға жағдай жасады.

Мақаланың деректік негізін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің архивтік материалдары (оның ішінде облыстық Ішкі Істер Халық Комиссариаты Басқармасының баяндамалары, есептері, анықтамалары мен статистикалық мәліметтері) құрайды. Зерттеу барысында қолданылған негізгі әдіс – архивтік материалдарды талдау. Ішкі Істер Халық Комиссариатының құжаттары депортацияның әлеуметтік, экономикалық және психоэмоционалдық аспектілерін түсінуге қажет маңызды деректермен қамтамасыз етті. Құжаттардағы мәліметтерді салыстыру арқылы депортацияның ауқымды қасіретін, қоныс аударушылардың ауыр жағдайдағы өмірін, олардың жаңа ортаға бейімделу барысындағы қиындықтарын ашуға мүмкіндік туды.

Сондай-ақ, зерттеуде сандық және сапалық әдістер қолданылды. Сандық әдіс арқылы депортацияланғандардың саны мен олардың орналасқан аймақтары туралы деректер алынды, ал сапалық әдіс арқылы халықтардың тұрмыс жағдайлары, еңбек қатынастары және әлеуметтік оқшаулану мәселелері талданды. Бұған қоса, зерттеудің методологиялық мазмұнын тереңдету мақсатында арнайы тарихи зерттеу әдістері, атап айтқанда тарихи-генетикалық және тарихи-типологиялық әдістер кеңінен кіріктірілді. Тарихи-генетикалық әдіс арқылы Оңтүстік Қазақстан өңіріне арнайы қоныс аударылғандардың еңбек ету және күнделікті тұрмыс кешу жағдайларының қалыптасу себеп-салдарлық байланыстары мен олардың уақыт өте келе трансформациялану динамикасы хронологиялық тұрғыда

айқындалды. Ал тарихи-типологиялық әдісті қолдану архивтік құжаттарда көрініс тапқан негізгі әлеуметтік мәселелерді, соның ішінде тұрғын үй тапшылығын, азық-түлік пен киім-кешек жетіспеушілігін, сондай-ақ депортацияланғандардың еңбек ресурстарын пайдалану ерекшеліктерін белгілі бір типтер мен топтарға жіктеп, жүйелеуге мүмкіндік берді. Бұл әдістер кешенді зерттеу жүргізуге мүмкіндік беріп, нәтижелердің терең әрі объективті сипатталуына ықпал етті.

Зерттеу барысында тарихи-компаративтік талдау әдісі де қолданылды. Бұл әдіс депортацияның әртүрлі кезеңдеріндегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайларды салыстыруға, сондай-ақ депортацияланған халықтардың жаңа ортаға бейімделуі мен қоғамға интеграциялануындағы қиындықтарды кеңес қоғамының саяси жүйесімен байланыстыра зерттеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Депортация тақырыбы шетелдік және отандық ғалымдардың ұзақ уақыт бойы зерттеу объектісі болды. Шетелдік зерттеушілер бұл тақырыпқа XX ғасырдың ортасынан бастап көңіл бөлген болса, отандық тарихнамада бұл мәселеге ғылыми назар 1980-жылдардың екінші жартысынан бастап аударыла бастады. Шетелдік ғалымдардың зерттеулері депортацияның саяси, әлеуметтік және психоэмоционалдық аспектілерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Осы орайда, зерттеуде басшылыққа алынған тарихилық қағидаты мен тарихи-генетикалық әдіс арнайы қоныс аударушылардың өңірге орналасуының алғашқы кезеңіндегі өте ауыр жағдайы мен кейінгі жылдардағы әлеуметтік-тұрмыстық өзгеру динамикасын нақты уақыт пен кеңістік тұрғысынан кезең-кезеңімен қадағалауға мүмкіндік берді.

Шетелдік тарихшылардың арасында күшпен жер аударылғандар тақырыбын алғашқылардың бірі болып зерттеген ғалым А.Некрич [1] болды. Оның «Наказанные народы» атты еңбегінде депортацияның кезеңдері, этникалық құрамын және депортацияланған халықтардың әлеуметтік жағдайларын зерттеген, депортацияның кезеңдері мен олардың қоғамдық құрылымдарға тигізген әсері талқыланды. Сонымен қатар, Дж. Критчлоу 1991 жылы КСРО-ге жасаған сапары барысында шешендер мен ингуштердің, корейлердің, қырым татарлары және басқа да этностардың жағдайы туралы зерттеу жүргізген [2]. Бұл зерттеу шетелдік ғалымдардың депортацияланған халықтардың тұрмыс жағдайы мен бейімделу мәселелеріне назар аударған алғашқы қадамдары болды.

Кавказ халықтарының депортациясы туралы алғашқылардың бірі болып, кавказдық диаспора өкілдері жазды. Р.С.Агиев, В.Ю. Муртазалиев, М.А.Арапиев, А.Х.Бакаев, М. З.С.Исакиева, Х.-М. А. Сабанчиев және басқа авторлар [3] өздерінің ғылыми зерттеулерінде депортацияның Солтүстік Кавказ халықтарын тағдырына тигізген әсерін, сондай-ақ бұл процеске қатысты Кеңес үкіметінің саясатын «геноцид» деп бағалады.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері 1980-жылдардың соңында кеңінен өріс ала бастады. М.Козыбаев депортация тақырыбын алғашқылардың бірі болып терең зерттеген ғалым болып табылады. Оның «Қазақстан тарихы» хрестоматиясы мен басқа еңбектерінде депортацияланған халықтардың тұрмысы мен әлеуметтік жағдайы туралы құнды деректер берілді [4].

Сондай ақ, депортация тақырыбына белгілі ғалым К. С. Алдажұмановтың «Война и депортированные в Казахстан народы», «Депортация народов — преступление тоталитарного режима» және тағы басқа еңбектерін ерекше атауға болады. Зерттеулерінде ғалым депортацияланған халықтардың саны мен әлеуметтік жағдайы туралы көптеген мәліметтер ұсынады, депортацияның қоғамға тигізген зиянды әсерін түсінуге ықпал ететін мағлұматтар берілген [5]. Мұрағаттық материалдардағы осы ресми мәліметтер мен статистикалық деректерді өзара салыстыра тексеруде объективтілік қағидаты басшылыққа алынды. Бұл үдерісті біржақты бағалаудан арылтып, кеңестік биліктің құжаттағы есептері мен өңірдегі нақты ахуалдың аражігін айғақты деректермен ашуға жағдай жасады.

Г.В. Кан «Қазақстанның корейлері» және «Қазақстан тарихы» еңбектерінде депортацияланған корейлердің Қазақстандағы тұрмысы мен бейімделу мәселелерін зерттеді [6]. Н.Абуовтың диссертациясы да осы тақырыпқа қосылған маңызды зерттеу болып табылады. Абуов Солтүстік Қазақстан мен Көкшетау облыстарында депортацияның процестерін және эвакуациялық көші-қонды талдады [7].

Соңғы жылдары жарыққа шыққан зерттеулердің қатарында Бауыржан Шерияздановтың «Қазақстанға депортациямен келген этникалық топтары өкілдерінің елеулі үлес қосқан қайраткерлері» атты зерттеуі ерекше орын алады. Оның еңбегінде депортацияланған халықтардың Қазақстандағы тарихи тағдырлары мен әлеуметтік бейімделуі мәселелері жан-жақты қарастырылған [8].

Зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысы бар еңбектер қатарында Л.К. Шотбакованың, Г.Б. Қозғанбаева мен Р. Әбілдостардың еңбектерін атауға болады. Л.К. Шотбакованың «Депортация народов Кавказа в Казахстан: история и проблемы реабилитации» атты еңбегінде депортацияның психоэмоционалдық аспектілерін зерттеп, олардың жаңа ортаға бейімделу барысындағы қиындықтар мен әлеуметтік ықпалдарды талдаған [9].

Г.Б. Қозғанбаева мен Р. Әбілдос «Қазақстанға екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жер аударылған халықтардың әлеуметтік бейімделу мәселелері (Шешен және ингуш халықтары мысалында)» атты мақаласында [10] еңбегінде депортацияланған халықтардың әлеуметтік жағдайы мен бейімделу мәселелерін терең зерттеген. Қозғанбаева шешен және ингуш халықтарының Қазақстандағы бейімделу мәселелерін қарастырып, депортацияның олардың әлеуметтік құрылымына тигізген әсерін талдайды.

Депортация тақырыбының зерттелуі әлі күнге дейін өзекті болып табылады. Көптеген аспектілер, соның ішінде депортацияланған халықтардың бейімделуі, мәдени және әлеуметтік интеграциясы, сондай-ақ реабилитация кезеңіндегі мәселелер толық зерттелмеген. Бұл саладағы зерттеулердің тереңдеуі арқылы депортацияның барлық аспектілерін жан-жақты түсінуге болады. Сонымен қатар, соңғы жылдары еліміздің барлық өңірлерінде депортация мәселелеріне арналған жаңа еңбектер мен мұрағат материалдарының жинақтары басылып, жариялануда. Бұл зерттеулер депортация тақырыбының көпжақты тұстарын зерттеу үшін маңызды дереккөздер болып табылады. Құжаттарда көрініс тапқан бұл ауыр тұрмыстық жағдайларды талдауда тарихи-типологиялық әдісті қолдану арқылы қоныс аударушылардың басты проблемалары жекелеген типтерге (тұрғын үй, азық-түлік, медициналық көмек) жіктеліп, жүйеленді. Бұл мәселелерді жүйелілік қағидаты аясында біртұтас тоталитарлық депортациялық саясаттың тікелей салдары ретінде кешенді түрде тұжырымдауға негіз болды.

XX ғасырдың бірінші жартысында Кеңес Одағындағы түрлі себептермен миллиондаған адамдар мәжбүрлі миграцияға ұшырады. Олардың ішінде саяси себептермен репрессияланғандар, кулак отбасылары, шаруалар көтерілістеріне қатысқандар, ұлты бойынша қоныс аударылғандар және басқалар болды. Бұл адамдардың басым бөлігі Орталық Азия мен Қазақстанға қоныс аударылды. Депортацияның ерекшеліктері: әкімшілік тұрғыда жүзеге асуы, адамдарды туған жерінен ажырату және бүкіл халықтың жаппай қоныс аударуы, бұл процесс кезінде кейбір ұлттар өздерінің ұлттық автономиясынан айрылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында толық депортацияға ұшыраған жеті халық болды: немістер, карачаевтер, калмыктар, ингуштар, шешендер, балкарлар және қырым татарлары. Бұл халықтардың жалпы саны шамамен 2 миллион адамды құрады. Жаппай депортациялануымен бірге олардың автономиялары жойылды, әрі барлық қоныс аударылғандар стратегиялық тұрғыдан маңызды аймақтарға орналастырылды. Олардың ішінде Кавказ халықтары да бар, олардың бірі Солтүстік Кавказ халықтары – шешендер, ингуштар, қарашайлар, балкарлар. 1941–1945 жылдар аралығында Қазақстанға арнайы қоныс аударушылардың саны 900 мыңнан 1 миллион 209 мың адамға дейін жетті. ПХК мәліметтері бойынша, 1945 жылдың 1 қаңтарына қарай республикада 815 319 адам (232 593 отбасы) тіркелген, олардың ішінде шешендер – 360 405 адам, кабардино-балкарлар – 20 288 адам,

қарашайлар – 40 767 адам болды. 1953 жылдың 1 қаңтарына қарай Қазақстанда 245 мың шешен, 81 мың ингуш, 36 мың қарашай және 17 мың балкар тұрды [9. –72].

Солтүстік Кавказ халықтарының 1943–1944 жылдары Қазақстанға депортациясы Кеңес Одағындағы ауқымды репрессиялық саясатының бір бөлігі болды. Бұл қоныс аударушыларға, негізінен, неміс басқыншыларымен ынтымақтастық жасағаны және антикеңестік әрекеттерге қатысқаны үшін айып тағылды. Алайда қазіргі зерттеулер бұл айыптаулардың негізсіз екенін және шынайы себептердің әлдеқайда тереңде жатқанын көрсетеді. Депортацияның негізгі себебі Кеңес үкіметінің стратегиялық тұрғыдан маңызды аймақтарды бақылауға алу және аймақ халқының кез келген қарсылығын алдын ала басып-жаншу мақсатында жүзеге асырылғаны болып табылады.

Қоныс аударушыларды тасымалдау барысында олардың ауыр жағдайы айқын көрінеді. Мұрағаттық құжаттар, әсіресе ПХК-ның есептері [11], депортацияланған халықтың ауыр жағдайын айғақтайды. Қоныс аударушылар арнайы жүк вагондарына тиелді, олардың көбі мал тасымалдауға арналған вагондар болды. Бұл вагондарда жылыту жүйесі мүлдем қарастырылмаған, санитарлық жағдай жасалмаған, сондай-ақ азық-түлік пен ауызсу қоры жеткіліксіз болған. Жол бойында адамдар оттегі жетіспеушілігінен тұншығып, антисанитария салдарынан жұқпалы аурулар өршіді. Көптеген вагондарда қыс мезгілінде температураның күрт төмендеуіне байланысты адамдар үсіп қайтыс болды, ал жазда вагондар шыжыған ыстықтың әсерінен нағыз "газ камерасына" айналды. Депортацияланған халықтың ішінде әсіресе балалар мен қарттар ең әлсіз топ болып саналды, сондықтан олардың арасында өлім-жітім өте жоғары болды.

Жол ұзақтығы екі аптадан төрт аптаға дейін созылды, кейде бұл мерзім одан да ұзаққа жалғасты, себебі кейбір эшелондар қайта бағытталды немесе белгісіз себептермен ұзақ уақыт тоқтап тұрды. Осы кезеңде көптеген адамдар гипотермиядан (суықтан тоңып өлу), шөлігуден, аштықтан және жұқпалы аурулардан (тиф, дизентерия) көз жұмды. ПХК есептеріне сәйкес, Оңтүстік Қазақстанға бағыт алған эшелондардың бірінде бір ғана сапар барысында 178 өлім оқиғасы тіркелген [12]. Кейбір эшелондарда өлім-жітім деңгейі жалпы депортацияланған халықтың 10–15%-ына дейін жетті. Қайтыс болғандардың денелерін көбінесе теміржол бойына тастап кетті, ал кей жағдайларда туыстары өз жақындарының денелерін бірнеше күн бойы вагон ішінде алып жүруге мәжбүр болды, себебі күзетшілер денелерді шығарып тастауға рұқсат бермеді.

Кейбір куәгерлер жергілікті тұрғындардың аялдамаларда депортацияланғандарға су мен азық-түлік беруге тырысқанын айтады. Бірақ бұл әрекеттер көп жағдайда күзетшілер тарапынан қатаң тыйымға ұшырап, көмектескен жергілікті халыққа да жаза қолданылды. Соның салдарынан көптеген отбасылар жолда жақындарынан айырылып, оларға көмек көрсетуге немесе қоштасуға мүмкіндік ала алмады.

Оңтүстік Қазақстанға жеткеннен кейін де арнайы қоныс аударушылардың қиындықтары аяқталған жоқ.

Депортацияланғандарды орналастыру. Солтүстік Кавказ халықтарының 1944 жылы Оңтүстік Қазақстанға күштеп қоныстандырылуы сол кезеңдегі саяси жағдайдың нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл үдеріс тек көшірумен ғана шектелмей, депортацияланған халықтың жаңа ортаға бейімделуімен, олардың тұрмыс жағдайының ауырлығымен және әлеуметтік-экономикалық қиындықтарымен сипатталды. Солтүстік Кавказдан Оңтүстік Қазақстанға әкелінген арнайы қоныс аударушылар облыс қарасты 16 ауданына бөлініп орналастырылды. Олардың ішінде Ильичевка, Киров, Мақтаарал, Арыс, Ленгір, Бостандық және Түркістан аудандары қоныстанудың негізгі орталықтары болды.

Қоныс аудару кезеңдері мен халық саны. Солтүстік Кавказ халықтарының күштеп қоныстандырылуы 1943 жылдың соңында басталып, 1944 жыл бойы жалғасты. Бұл процесс бірнеше кезеңмен өтті:

Қараша 1943 ж. – қарашайлардың алғашқы топтары көшірілді.

Наурыз 1944 ж. – шешендер мен ингуштар келді.

Наурыз 1944 ж. – балқарлар жер аударылды.

Шілде 1944 ж. – кабардиндер соңғы топ ретінде көшірілді.

1944 жылдың соңына қарай Оңтүстік Қазақстан облысына 13 556 отбасы (54 921 адам) қоныстанды. Дегенмен, жыл бойында бұл сан өзгеріп отырды:

Қараша 1943 ж.: 7 129 отбасы (27 615 адам)

Наурыз 1944 ж.: 5 444 отбасы (23 683 адам)

Наурыз 1944 ж.: 732 отбасы (2 672 адам)

Шілде 1944 ж.: 251 отбасы (951 адам)

1944 жылы арнайы қоныс аударушылар санының өзгеруіне бірнеше факторлар әсер етті. Маусым айына қарай облыста 12 210 отбасы (50 782 адам) болса, желтоқсанда бұл сан 12 246 отбасы (48 493 адам) болды [13].

Халық санының төмендеуінің негізгі себептері:

Басқа облыстардағы отбасыларымен қайта қауышқандар – 8 499 адам

Өздігінен қашып кеткендер – 1 002 адам

Түрмеге қамалғандар – 290 адам

Қайтыс болғандар – 3 951 адам (оның ішінде көпшілігі балалар мен қарттар)

Сонымен қатар, қоныс аударушылар санының көбеюіне де белгілі бір факторлар әсер етті:

Басқа облыстардан қайта қосылғандар – 6 624 адам

Түрмеден босатылғандар немесе ұсталып, кейін қайтарылғандар – 438 адам

Жаңа туған нәрестелер – 275 бала

Бұл мәліметтер 1943 ылдың қараша айынан 1944 жылдың желтоқсан айына дейінгі аралықта арнайы қоныс аударушылар санының өлім-жітім, қашу және қамауға алыну салдарынан едәуір төмендегенін көрсетеді.

Арнайы қоныс аударушылар мына аудандарға орналастырылды:

Ільичев ауданы – 2 400 отбасы (8 957 адам)

Киров ауданы – 283 отбасы (1 141 адам)

Мақтааралауданы – 1 446 отбасы (5 696 адам)

Арыс ауданы – 633 отбасы (2 350 адам)

Сарыағаш ауданы – 911 отбасы (3 754 адам)

Сайрам ауданы – 976 отбасы (3 388 адам)

Бостандық ауданы – 573 отбасы (2 777 адам)

Ленгер ауданы – 1 097 отбасы (5 017 адам)

Түлкібас ауданы – 726 отбасы (3 048 адам)

Жуалы ауданы – 1 033 отбасы (4 247 адам)

Қаратас ауданы – 476 отбасы (2 095 адам)

Түркістан ауданы – 1 085 отбасы (4 463 адам)

Чаянов ауданы – 443 отбасы (1 976 адам)

Қызылқұм ауданы – 442 отбасы (1 950 адам)

Келес ауданы – 427 отбасы (1 891 адам) [14]

Бұл аудандарға қоныс аударылған халық инфрақұрылымның жетіспеушілігі, тұрғын үй тапшылығы, азық-түліктің жеткіліксіздігі және медициналық қызметтің төмен деңгейі сияқты қиындықтарға тап болды.

Депортацияланған халықтардың Қазақстандағы статусы бірнеше жыл бойы өзгеріп отырды. Алғашқыда оларды «арнайыконтингент» (спецконтингент) деп атаса, 1944 жылдан бастап мәжбүрлі түрде қоныс аударылғандар «арнайыорналасқандар» (спецпоселенец) статусын алды. Құжаттарда «арнайы қоныс аударушылар» (спецпереселенцы) термині «арнайыорналастырылғандар» терминіне синоним ретінде қолданылды.

Қоныс аударушыларды қабылдау мен орналастыруды жалпы басқару үшін арнайы комиссиялар құрылды. Олардың құрамына КП(б) орталық комитеті хатшылары (төрағалар), Халық Комиссарлар Кеңесі төрағалары және Ішкі істер халық комиссары кірді. Қоныс аударушыларды қабылдау мен орналастырумен байланысты барлық іс-шаралар облыстық комиссияларға жүктелді, олардың құрамында облыстық атқарушы комитет төрағалары, облыстық партия комитетінің хатшылары және ПХК Басқармасы басшылары болды. КСРО ПХК жоспарлаған қоныс аударушыларды орналастыру жүйесі, басты мақсатын орындаумен қатар, оларды тұрғын халық аз немесе бос жатқан аудандарға орналастыруды, сондай-ақ ауыл шаруашылығына, тау-кен өнеркәсібіне және құрылысқа арзан еңбек күші ретінде пайдалануды көздеді.

Қоныс аударушыларды орналастыруға арналған үштіктер облыстарда құрылды, олар облыстық партия комитетінің бірінші хатшысынан, облыстық атқарушы комитет төрағасынан және ПХК басқармасы басшысынан тұрды. Үштіктер аудандарда да құрылды. Республикадағы құрылымдар арасында байланыс орнату үшін партиялық және шаруашылық басшыларынан тағайындалған өкілдер жауапты болды.

СССР Конституциясының 135-бабында олардың толыққанды азаматтар ретінде құқықтары сақталатыны айтылғанымен, іс жүзінде олар мемлекет бекіткен орыннан басқа жаққа кетуге тыйым салынған, бұл қашу ретінде қарастырылды, және олар қосымша жазаға тартылуы мүмкін еді. Оларға үнемі өз аудандарындағы комендатурада және ПХК органдарында тіркелу міндеттелді. Кез келген ұсақ тәртіп бұзушылық үшін дереу жаза қолданылды. Жанұялық есеп және карточкалар бойынша есеп жүргізілді, оның негізінде әр бір арнайы қоныс аударушының жеке ісі ашылды. Сонымен қатар, адамдар жаңа климаттық жағдайларға бейімделуі керек болды, олар бір сәтте өздерінің әдеттегі өмір салтынан, айырылып, өз Отандарынан жырақта, өздеріне мүлдем бейтаныс жерде өмір сүруіне тура келді.

Арнайы қоныс аударушылардың тұрғын үй, санитарлық жағдайы және материалдық қамтамасыз етілуі. Оңтүстік Қазақстанға қоныс аударған депортацияланған халықтар тұрғын үйдің жетіспеушілігіне, тұрмыстық жағдайдың жоқтығына және материалдық тапшылыққа тап болды. Көпшілігі уақытша барактарда, қаңырап бос қалған ғимараттарда, қораларда және тіпті атқораларда орналастырылды, ал кейбіреулері өздеріне жеркепе қазып, сонда өмір сүруге мәжбүр болды. Архивтік құжаттар олардың өмір сүру

жағдайының өте ауыр болғанын, антисанитарияның кең таралғанын және соның салдарынан жұқпалы аурулардың өршуі мен өлім-жітімнің жоғарылағанын көрсетеді.

ПХК-ның есептерінде 1943 жылдың қараша айының соңында Мақтаарал ауданында арнайы қоныс аударушыларға 1 488 тұрғын үй әзірленуі тиіс болса, соның тек 640-ы ғана дайын болғандығы айтылады [15]. Осыған байланысты мыңдаған адам қоныстандыруға мүлдем жарамсыз жағдайларда өмір сүрді. Сайрам ауданында көптеген үйлер есік-терезесіз, пешсіз және ешқандай жылытусыз болды. 1943 жылдың желтоқсан айындағы ПХК құжаттарында: *«Келген арнайы қоныс аударушылардың едәуір бөлігі қоймаларда, шаруашылық ғимараттарында және басқа да бейімделмеген орындарда орналастырылған, бұл эпидемиялық аурулардың таралуына қауіп төндіреді»* [16] деп жазылған.

1944 жылдың шілде айындағы деректер бойынша арнайы қоныс аударушылардың тұрғын үй жағдайы төмендегідей болды:

- Бос үйлерде – 3 663 отбасы
- Барақтар мен өндірістік ғимараттарда – 4 389 отбасы
- Жергілікті халықтың үйлерінде (қоныстанған түрде) – 3 757 отбасы
- Жеркепелерде – 349 отбасы
- Өздері салған үйлерде – 32 отбасы [17]

Бірқатар аудандарда жағдай мүлде ауыр болды. Каратас, Бостандық және Түркістан аудандарында адамдар жеркепелерде тұрды. «Күйік» совхозында арнайы қоныс аударушылар өздері қазған жеркепелерде тұрса, «Мақтаарал» совхозында олар ешқандай жылытусыз, қораларда және ескі ғимараттарда орналастырылды. Түркістан ауданында 8-10 адам бір бөлмеде, ал «Ащысай» совхозында бір барақта 40-тан астам адам тұрған.

Кейбір аудандарда арнайы қоныс аударушыларға арналған тұрғын үйлердің жетіспеушілігі оларды жеркепелер қазуға мәжбүр етті. Куәгерлер былай деп еске алады: *«Біз қолдан қазылған жеркепеледе тұрдық. Кіреберісті қаппен жаптық, ал ішіне қолдан жасалған пеш орнаттық, бірақ қатты аяздан қорғану мүмкін болмады»* [18].

1944 жылғы есептерде: *«Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандарында арнайы қоныс аударушылар кез келген қолжетімді құрылыс материалдарын пайдаланды – қамыс, сабан, көң, тіпті бұзылған ғимараттардың қалдықтарын»* деп көрсетілген [19]. Сарыағаш ауданында 80 отбасы арықтардың жанына жеркепелер қазып, суды жақыннан алуға тырысқанымен, жауын-шашын салдарынан бұл баспаналар су астында қалды.

Арнайы қоныс аударылғандардың санитарлық-тұрмыстық жағдайлары өте төмен деңгейде болды. Тұрғын үй тапшылығы мен антисанитариялық ахуал жұқпалы аурулардың кеңінен таралуына себепкер болды. Әсіресе, **тиф, дизентерия** және басқа да ішек инфекцияларының өршуі мыңдаған адамдардың өмірін қиды.

Арнайы қоныс аударылғандардың көпшілігі **20–30 адамдық тар барақтарда**, сондай-ақ, есік-терезесі жоқ шаруашылық ғимараттарында орналасты. Совхоздар мен колхоздарда бірнеше отбасы бір үйде тұрып, санитарлық нормалардың сақталмауы жағдайды одан әрі ушықтырды.

1943-1944 жылдары арнайы қоныс аударылған халық арасында өлім-жітім өте жоғары деңгейде тіркелді. Аштық, аурулар және санитарлық жағдайдың нашарлығы бұл көрсеткіштің өсуіне тікелей әсер етті. Сол жылдары ауыр тұрмыс жағдайында өмір сүрген мыңдаған адам ажал құшты. Шешендер мен ингуштер арасындағы өлім саны 912 адамға жетті. Олардың ішінде 324-і бала, 168-і еңбекке жарамсыз ересектер, ал 420-сы еңбекке жарамды адамдар еді. Өлімнің басты себептері қатарында **аштықтан әлсіреу** (228 адам), **тиф** (311 адам) және **басқа аурулар** (373 адам) болды.

Қарашай халқы да қатты зардап шекті. Бұл этникалық топтан 478 адам көз жұмды. Оның ішінде 144 бала, 106 еңбекке жарамсыз адам, 229 еңбекке жарамды адамдар бар. Өлімнің негізгі себептері **аштық** (109 адам), **тиф** (258 адам) және **басқа аурулар** (111 адам) ретінде тіркелді.

Балқар халқы арасындағы жағдай да оңай болмады. 121 адам қайтыс болды, оның 58-і бала, 22-сі еңбекке жарамсыз ересектер, 41-і еңбекке жарамды азаматтар еді. Өлімге әкелген негізгі себептер қатарында **аштықтан әлсіреу** (7 адам), **тиф** (48 адам) және **басқа аурулар** (71 адам) болды [20].

Бұл мәліметтер арнайы қоныс аударылған халықтың қандай ауыр жағдайда өмір сүргенін көрсетеді. Әсіресе, балалар мен қарттар арасындағы өлім-жітім көрсеткіші жоғары болды. Тамақтың жетіспеуі, медициналық көмектің болмауы және санитарлық талаптардың сақталмауы олардың өміріне қауіп төндірді. Бұл халық үшін күнделікті өмір күреске айналды. Көптеген адамдар аурудан әлсіреп, қатал табиғи жағдайларға төтеп бере алмады.

1944 жылы арнайы қоныс аударылған халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету өте қиын жағдайда жүзеге асты. Тамақ қоры жеткіліксіз болғандықтан, көп аудандарда үлестіру толығымен тоқтатылды. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысына сәйкес, **еңбекке жарамды ересектерге – тәулігіне 400 грамм нан, еңбекке жарамсыз адамдарға – 300 грамм, ал балаларға – 150 грамм берілуі тиіс еді**. Алайда шын мәнінде, көп аудандарда қоныс аударылғандарға күніне 50-100 грамм ғана нан берілді немесе мүлде азық-түлік жеткізілмеді.

Кейбір аймақтарда аштық өлімге әкелетін деңгейге жетті. Мысалы, **Түркістан ауданында 164 отбасы он күн бойы азық-түліксіз қалды, нәтижесінде 35 адам аштықтан көз жұмды**. Бостандық ауданында колхоз төрағасы қоныс аударылғандарға айына **4,5 кг орнына 2 кг ғана астық** үлестірді. Ал Каратас ауданында азық-түлік тапшылығы соншалық, тұрғындар жабайы өсімдіктермен қоректенуге мәжбүр болды. Бұл жағдай жаппай әлсіреу мен аурулардың таралуына әкелді [21].

Азық-түлік жетіспеушілігімен қатар, кейбір жерлерде арнайы қоныс аударылғандарға бөлінген қорлар **басқа қажеттіліктер үшін пайдаланылды**. **Арыс ауданында** қарашайларға арналған 250 кг ұн **резервте сақталып**, ал арнайы қоныс аударылғандарға айына бар болғаны 1,8-2 кг ғана ұн берілді [22].

Осы қиын жағдайды аз да болса жеңілдету мақсатында **1944 жылдың маусымында қосымша азық-түлік бөлу туралы шешім қабылданды**. «Ащысай» және «Хантағы» кеніштерінде ең әлсіз 136 жұмысшы үшін күніне үш рет тамақ беру ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Сырдария» және «Күйік» совхоздарында еңбекке жарамды арнайы қоныс аударылғандарға қосымша нан бөлінді. Дегенмен, бұл көмек олардың негізгі қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз ете алмады [23], [24].

Қыс мезгілінде арнайы қоныс аударылғандар үшін тағы бір ауыр сынақ — отын тапшылығы болды. Аязды күндерде үйлерін жылыту мүмкіндігі болмады. Жергілікті халықтың өзіне отын жетіспегендіктен, арнайы қоныс аударылғандарға тіпті аз мөлшерде де отын берілмеді.

Көптеген адамдар үйлерін жылыту үшін **құрғақ тезек, қамыс және ағаш тамырларын пайдалануға мәжбүр болды**. Қатты аязда бұл материалдар тиісті деңгейде жылу бере алмады, сондықтан көптеген қоныс аударылғандар үсік шалдырып, суық тиюден ауыр сырқаттарға шалдықты. Кейбір аудандарда бұл жағдай өлім-жітімнің артуына себеп болды.

Жалпы алғанда, арнайы қоныс аударылған халықтың тұрмысы өте ауыр жағдайда өтті. Аштық, санитарлық жағдайдың нашарлығы және жылу жетіспеушілігі олардың өмірін қиындатты, көптеген адамдар осы қиындықтарға төтеп бере алмай, өмірден озды.

1944 жылдың ортасына қарай билік жағдайды түзетуге талпыныс жасай бастады:

- Арнайы қоныс аударылғандарға арналған үйлерді салу үшін құрылыс бригадалары ұйымдастырылды, бірақ бар-жоғы 13 тұрғын үй ғана салынды;

- Барақтарда дезинфекция жүргізілді, алайда медицина қызметкерлерінің тапшылығы эпидемияны толықтай жоюға мүмкіндік бермеді;

- Құрылыс материалдары бөлінді, бірақ кейбір аудандарда олар басқа мақсаттарға жұмсалды;

- Су жүйесін жақсарту шаралары қолға алынды, бірақ көптеген қоныс аударылғандар таза ауыз су тапшылығынан зардап шегуді жалғастыра берді.

Осылайша, Оңтүстік Қазақстандағы арнайы қоныс аударылғандардың тұрмыс жағдайы 1943–1944 жылдары аса ауыр болды. Баспана тапшылығы, санитарлық жағдайдың төмендігі, тұрмыстық жағдайдың нашарлығы және жылыту мүмкіндігінің жоқтығы аурулар мен өлім-жітімнің жоғары болуына әкелді. Азық-түліктің жетіспеуі, ауыз судың тапшылығы және отынның жоқтығы бұл қиындықтарды одан әрі ушықтырды. Жергілікті билік жағдайды жақсарту үшін әрекет жасағанымен, тұрғын үй дағдарысы мен материалдық қиындықтар депортацияланған халықтың өміріне ауыр зардаптарын тигізді.

Жұмыспен қамту және еңбек жағдайлары. Оңтүстік Қазақстанға жер аударылған халық еңбекке мәжбүрлі түрде тартылды. 1944 жылдың соңына қарай арнайы қоныс аударылған 48 493 адамның ішінен 19 286-сы еңбекке жарамды деп танылды. Олардың 16 801-і жұмыс істесе, 2 529-ы жұмысқа орналаса алмады. Жұмысқа орналаса алмағандардың көпшілігі ауруға шалдыққан, аштықтан әлсіреген немесе еңбек орындарының жоқтығынан жұмыссыз қалды.

Қоныс аударылғандар еңбек еткен салалар төмендегідей болды:

- **Колхоздарда** – 7 074 отбасы (29 121 адам). Олардың көпшілігі егістік алқаптарында жұмыс істеп, мақта, бидай және басқа да дақылдарды өсірумен айналысты.

- **Совхоздарда** – 2 121 отбасы (7 923 адам). Мал шаруашылығы мен егіншілікте еңбек еткендер көбіне азық-түлік тапшылығынан зардап шекті.

- **Өнеркәсіп орындарында** – 2 678 отбасы (10 096 адам). Кен орындары мен зауыттарда ауыр жұмыстарға тартылды, көбіне арнайы қауіпсіздік шаралары сақталмады.

- **Құрылыс жұмыстарында** – 373 отбасы (1 297 адам). Тұрғын үй мен өндірістік нысандар салумен айналысты [25],[26],[27].

Жер аударылғандардың 13,1%-ы жұмысқа тартылмады. Олардың басым бөлігі аурулардан әлсіреу, еңбек орындарының жетіспеуі немесе жасына байланысты жұмысқа жарамсыз болуы себепті жұмыссыз қалды. Кейбір аймақтарда еңбек күші сұранысы болмағандықтан, бұл адамдар еңбекке араласа алмай, ауыр тұрмыс жағдайында қалды.

Қоныс аударылғандар күніне **10-14 сағат** үздіксіз жұмыс істеуге мәжбүр болды, көп жағдайда демалыссыз еңбек етті. Оларға ең ауыр жұмыстар жүктелді, әсіресе **ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласында**. Бірқатар аудандарда ауыр еңбекке тек ер адамдар ғана емес, әйелдер мен жасөспірімдер де тартылды. Олар көбіне **егін егу, жинау, арықтарды тазалау, ауыр жүктерді тасу және құрылыс жұмыстарына** жегілді.

Кен орындарында, әсіресе «Ащысай» және «Хантағы» кеніштерінде, жұмыс нормалары тым жоғары қойылып, еңбекақы жергілікті жұмысшылардан әлдеқайда төмен деңгейде төленді. Бұл жағдай шахталарда еңбек еткен қоныс аударылғандардың көпшілігі үшін ауыр тиді. Арнайы қауіпсіздік шаралары сақталмады, қажетті қорғаныс құралдары берілмеді. Осының салдарынан өндірістік жарақат алу деңгейі жоғары болды [28].

Ауыл шаруашылығында жұмыс істегендер көбіне **мақта мен астық алқаптарында** еңбек етті. **«Мақтаарал» совхозында** жұмыс істеген арнайы қоныс аударылғандар туралы

1944 жылғы есептерде: «Олар таң қылаң бере шығып, күн батқанша еңбек етеді. Кеш қайтып келгенде, аштықтан әлсіреп, тынығуға шамасы келмейді. Тамақтану нормалары сақталмағандықтан, жұмысшылардың біраз бөлігі ауыр сырқатқа ұшырады» деп жазылды [29], [30],[31].

Бірқатар аудандарда арнайы қоныс аударылғандар **орман шаруашылығы мен ағаш дайындау саласына** тартылды. **Түркістан ауданында арнайы қоныс аударылған 200 адам** орман дайындау жұмыстарында ауыр еңбекке жегілді. Олар **отын ретінде қолданылатын ағаштарды кесіп, тиеу жұмыстарымен айналысты**. Еңбекақының орнына **өте аз мөлшерде азық-түлік берілді**, ал қыстың қатал жағдайында аңбакақының мардымсыздығы жағдайды одан әрі ушықтырды. Бұл көптеген жұмысшылардың әлсіреуіне және ауруларға шалдығуына әкелді.

Жер аударылған халықтың психологиялық жағдайы өте ауыр болды. Туған жерден мәжбүрлі түрде алыстатылған олар болашаққа деген сенімсіздікпен өмір сүрді. Күнделікті киын еңбек пен тұрмыстық тапшылық олардың рухани төзімділігін әлсіретті. Көпшілігі ауыр еңбекті тек уақытша жағдай ретінде қабылдап, қайтып ораламыз деген үмітпен өмір сүрді. **ПХК құжаттарында шешен-ингуш халықтарының еңбек тәртібі қарашайлар мен балқарларға қарағанда төмен болғаны** көрсетілген [32]. Бұл олардың депортацияға қарсылығы жоғары болуымен байланысты еді.

Арнайы қоныс аударылғандардың арасындағы моральдық күйзелістің мысалы ретінде **80 жастағы Қара-Мырза А.-ның естелігін** келтіруге болады: «Біз таң атқаннан кешке дейін жұмыс істедік, бірақ ішімізде жалғыз ой болды – туған жерге ораламыз ба? Еңбекке деген ешқандай ынта болмады, адамдар жұмысты тек механикалық түрде орындады. Көпшілігі бұл жағдайдың уақытша екенін іштей үміттенді».

Күнделікті ауыр еңбек, азық-түлік жетіспеушілігі, санитарлық жағдайдың төмендігі денсаулықтың күрт нашарлауына әкелді. **1944-1945 жылдары** көптеген қоныс аударылғандардың **өлім-жітім деңгейі 20%-дан асып кетті**. **ПХК баяндамаларының бірінде:** «Қоныс аударылған жұмысшылар шаршаудан егістік басында есінен танып құлап жатыр, кейбіреулері ауысым соңына дейін шыдай алмайды, бұл өндірістің төмендеуіне әкелуде» деп жазылған [33],[34],[35].

Кейбір қоныс аударылғандар аман қалу үшін **қолөнермен, ұсақ саудамен айналысуға** тырысты. Бірақ олардың басым бөлігі **колхоздар мен мемлекеттік кәсіпорындарға тәуелді** болып қала берді. Жергілікті билік оларды қатаң бақылауда ұстады, еркін жүріп-тұру шектелді, сондықтан олар жақсы еңбек жағдайын іздеуге мүмкіндік таппады.

Қоныс аударылғандардың психологиялық күйзелісі физикалық жағдайымен тығыз байланысты болды. Олардың көпшілігі ауыр жұмыс кестесіне бейімделе алмады, тамақтың жетіспеушілігі мен физикалық әлсіреу еңбек өнімділігінің төмендеуіне әкелді. **Тұрмыстық жағдайлар мен моральдық қысымның қиындығы** көптеген арнайы қоныс аударылғандардың ауруға шалдығуына себеп болды. Баспана тапшылығы, санитарлық жағдайлардың нашарлығы және медициналық көмектің жетіспеуі өлім-жітімді одан әрі арттырды.

Көптеген жер аударылғандар өз еңбектерінің әділетсіз бағаланғанын сезінді. Олар **жергілікті жұмысшылармен салыстырғанда 30-40% төмен жалақы алды**. Мысалы, «Ащысай» және «Хантағы» кеніштерінде жұмыс істеген қоныс ауданышылар **кадрлық жұмысшыларға қарағанда аз төлем алды**, ал **совхоздар мен колхоздарда олардың еңбек күндері жергілікті шаруаларға қарағанда 50% төмен бағаланды** [36]. Кейбір аймақтарда қоныс аударылғандар мүлдем ақысыз жұмыс істеуге мәжбүр болды. «Күйік» совхозында

жұмысшыларға **төрт ай бойы жалақы төленбеді**, ал **Түркістан ауданында** қоныс аударылғандар 3-4 ай бойына мүлдем еңбекақысыз жұмыс істеді [37],[38],[39].

Жер аударылғандар ауыр еңбек жағдайында өмір сүрді. Олардың еңбек құқықтары толықтай ескерілмеді, еңбекақы әділетсіз төленді, ал жұмыс уақыты ұзақ әрі қиын болды. Тұрмыстық қиындықтар мен психологиялық күйзеліс оларды одан әрі әлсіретті. Бұл кезеңде еңбек ету тек күнкөріс үшін ғана емес, **рухани және физикалық аман қалу үшін күреске айналды**.

Қорытынды

Солтүстік Кавказ халықтарының 1943–1944 жылдары Оңтүстік Қазақстанға депортациялануы – олардың тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Бұл процесс қоныстандырудағы қиындықтармен, азық-түлік тапшылығымен, нашар тұрғын үй жағдайларымен және еңбекке орналастыру мәселелерімен қатар жүрді. Жергілікті биліктің барлық күш-жігеріне қарамастан, депортацияланған халықтың өмірі өте ауыр жағдайда қалып қойды.

Архивтік материалдар көрсеткендей, 1944 жылы Оңтүстік Қазақстандағы депортацияланған халықтың тұрмыстық және еңбек жағдайлары оларды тек физикалық тұрғыдан ғана емес, психоэмоционалды жағынан да қиындыққа ұшыратты. Тұрғын үй тапшылығы, инфрақұрылымның әлсіздігі және құрылыс материалдарының жетіспеушілігі салдарынан депортацияланғандар барактарда, жеркепелерде, ескі шаруашылық құрылыстарында өмір сүруге мәжбүр болды. Санитарлық жағдайдың нашарлығы мен антисанитария жұқпалы аурулардың, әсіресе іш сүзегі мен дизентерияның өршуіне себепші болды. Бұл, әсіресе, балалар мен қарттардың өлім-жітімінің артуына әкелді.

Зерттелген архивтік құжаттар негізінде бірнеше негізгі мәселелерді атап өтуге болады:

Қоныстандыру және демографиялық өзгерістер

1943–1944 жылдары Оңтүстік Қазақстанға 54 000-нан астам адам депортацияланды.

Өлім-жітім, көшу және қашулар салдарынан 1944 жылдың соңына қарай бұл сан 48 493 адамға дейін азайды. Өлім-жітімнің жоғары деңгейі, әсіресе балалар мен қарттар арасында, санитарлық жағдайдың нашарлығымен, жылыту жүйесінің жоқтығымен және азық-түлік тапшылығымен байланысты болды.

Тұрғын үй жағдайлары: Депортацияланғандар барактарда, атқораларда, ескі ғимараттарда немесе жеркепелерде орналастырылды.

Кейбір аудандарда олар өздеріне баспана тұрғызуға мәжбүр болды, тіпті кей жағдайларда жерден шұқыр қазып, сонда қыстап шыққан отбасылар да кездесті.

Қалыпты су жүйесінің және жылыту жүйесінің болмауы жұқпалы аурулардың кең таралуына ықпал етті. Сауытсыз және ластанған су көздерін пайдалану салдарынан көптеген аурулар таралды.

Жұмысқа орналастыру және экономикалық жағдайлары. Депортацияланғандардың көпшілігі ауыр жұмыстарға жіберілді, бірақ олардың еңбегі мардымсыз төленді.

Ауыл шаруашылығы негізгі еңбек саласына айналды, бірақ жұмысшылар ең төменгі деңгейдегі азық-түлік нормаларымен ғана қамтамасыз етілді. Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен құрылыс саласында жұмыс істегендердің біліктілік жетіспеушілігі өнімділікке әсер етті. Жалғызбасты әйелдер мен балалар қосымша қиындықтарға тап болды.

Жалақының төмендігі, өмір сүру жағдайының нашарлығы және еңбек жағдайының ауырлығы ұзақ мерзімді әлеуметтік мәселелер туындатты. Жұмысшылардың денсаулығының нашарлауы олардың еңбек өнімділігіне тікелей әсер етті.

Әлеуметтік салдары: Депортацияланғандардың психологиялық жағдайы күрделі болды, өйткені көпшілігі туған жеріне оралуға үміттенді. Еңбек жағдайының ауырлығы, тамақтану деңгейінің төмендігі және әлеуметтік қолдаудың болмауы моральдық күйзеліске алып келді. Жергілікті халықпен қарым-қатынастың күрделенуі оқшаулануға және әлеуметтік дезадаптацияға ықпал етті. Медициналық қызметтердің жетіспеушілігі денсаулық сақтау мәселелерін ушықтырды. Өнеркәсіптік және құрылыс нысандарында да жағдай мәз болмады. Техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі, ұйымдастырудағы қиындықтар еңбек өнімділігіне кері әсер етті. Төмен жалақы мен нашар еңбек жағдайлары психологиялық күйзелісті күшейтіп, халықтың жалпы әл-ауқатын нашарлатты.

Осылайша, биліктің депортацияланған халықтың өмірі мен еңбек жағдайларын ұйымдастыру жөніндегі барлық әрекеттеріне қарамастан, 1944 жылы Оңтүстік Қазақстандағы олардың өмірі ауыр сынақтарға толы болды. Биліктің халықты лайықты орналастыру және еңбек жағдайын қамтамасыз ету қабілетсіздігі көптеген проблемаларға әкелді: жоғары өлім-жітім, жұқпалы аурулардың таралуы, еңбекке ынтаның төмендеуі және әлеуметтік дезадаптация. Бұл кезең тарихта ауыр өмір сүру жағдайлары, әлеуметтік кепілдіктердің төмендігі және биліктің депортацияланған халықтың әл-ауқатына немқұрайлы қарауы ұзақ мерзімді әлеуметтік салдарға әкелуі мүмкін екенін көрсететін мысал болып қала бермек.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Депортацияланған халықтардың әлеуметтік бейімделуіндегі отбасының рөлі 1930–1950жж. (Түркістан облысы бойынша)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP26103859).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Некрич А. Наказанные народы. — Нью-Йорк: — 1978. — 350 с.
2. Критчлоу Дж. Репрессированные народы Советского Союза: Наследие сталинских депортаций. Отчет Хельсинкской группы по правам человека. Хельсинкская группа по правам человека. [Электронный ресурс] — URL: <https://lib.memo.ru/book/10624> (дата обращения 16.09.2025).
3. Агиев Р.С. Трагедия чеченского и ингушского народов в 30-50-х гг. XX века: Депортация, спецпоселения, реабилитация: автореф. дис. ... канд. ист. наук. Спец. 07.00.02 — «Отечественная история» / Р.С.Агиев — Ростов-на-Дону: — 2003. — 28 с.
4. Муртазалиев В.Ю. Конституционно-правовая реабилитация репрессированных народов Северного Кавказа: автореф. дис. ... канд. ист. наук. Спец. 07.00.02 — «Отечественная история» / В.Ю.Муртазалиев — Махачкала: — 2005. — 32 с.
5. Арапиев М.А. Выселение чеченского и ингушского народов: развитие, решение и последствия проблемы (1940-е — 1950-е гг.): автореф. дис. ... канд. ист. наук. Спец. 07.00.02 — «Отечественная история» / М.А. Арапиев. — Пятигорск: — 2006. — 28 с.
6. Бакаев А.Х. Восстановление Чечено-Ингушской АССР: предпосылки, условия и этапы решения проблемы (1950-е - начало 1960-х годов): автореф. дис. ... канд. ист. наук. Спец. 07.00.02 — «Отечественная история» / А.Х.Бакаев. — Пятигорск: — 2006. — 27 с.
7. Исакиева З.С. Из истории принудительных переселений и пребывания Северокавказских народов в Казахстане (на примере чеченцев и ингушей 1944-1957гг.) [Электронный ресурс] — URL: <file:///C:/Users/User/Downloads/iz-istorii-prinuditelnyh-pereseleniy-i-prebyvaniya-severokavkazskikh-narodov-v-kazahstane-na-primere-chechentsev-i-ingushey-1944-1957gg.pdf>; (дата обращения 10.05.2024).
8. Сабанчиев Х.-М.А. Депортация, жизнь в ссылке и реабилитация балкарского народа (1940-е - начало XXI в.) Специальность 07.00.02 — Отечественная история Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук Ростов-на-Дону: — 2007. [Электронный ресурс] — URL: <file:///C:/Users/User/Downloads/autoref-deportatsiya-zhizn-v-ssylke-i-reabilitatsiya-balkarskogo-naroda-1940-e-nachalo-xxi-v.pdf>; (дата обращения 26.10.2025).
9. Чомаев К.И. Наказанный народ / К.И. Чомаев. — Грозный: —1993. — 255 с. Жабоев М.Н. Репрессированные народы: история и современность / М.Н. Жабоев. — Нальчик, —1994. — 230 с.
10. Қозыбаев М.К., Қозыбаев И.М. Қазақстан тарихы. Хрестоматия. —Алматы: —1994. —256 с. Қозыбаев М.Қ. Қазақстан тарихнамасы: тарих сабақтары. —Алматы: —Рауан, —1990. —135 с.

Солтүстік Кавказдан оңтүстік Қазақстанға депортацияланғандардың тұрмыс және еңбек жағдайлары: 1944 жылғы архивтік құжаттар негізінде

11. Козыбаев М.К. «Қазақстан тарихы» орыс тіліндегі 10-сыныпқа арналған мектеп оқулығы. 3-ші басылым. — Алматы: —1992. — Б. 209-215.
12. Алдажуманов К.С. Война и депортированные в Казахстан народы // Тарихтан тағылым – өткенге тағзым. —Астана: —2010. — С. 140–150;
13. Алдажуманов К.С. Депортация народов — преступление тоталитарного режима / К.С. Алдажуманов, Е.К. Алдажуманов. — Алматы: Фонд «XXI век», —1997.; Алдажуманов Қ. Күштеп көшіру: жымысқы саясат, басқыншылық әрекет. Қазақ тарихы.—№4. —1997. —. 33 с.
14. Кан Г.В. История Казахстана. Учебник для вузов. —Алматы: —2011. —311 б.
15. Кан Г.В. Қазақстанның корейлері. —Алматы. —1994. — 185 б.
16. Абуов Н. Депортации народов в Казахстан в 1936-1957 гг. (на материалах Северо-Казахстанской и Кокчетавской областей): автореферат. на соиск. уч. ст. к.и.н — Қарағанды: —2008. —28 с.
17. Шерияздов Б.Р. Қазақстанға депортациямен келген этникалық топтары өкілдерінің елеулі үлес қосқан қайраткерлері. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. — №4(141). — 2022. —Б.134-149.
18. Шотбакова Л.К. Депортация народов Кавказа в Казахстан: история и проблемы реабилитации. Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». — No1(105). —2022. —С.170-180.
19. Козгамбаева Г.Б., Әбілдос Р. Қазақстанға екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жер аударылған халықтардың әлеуметтік бейімделу мәселелері (шешен және ингуш халықтары мысалында). ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. —№4 (111). —2023. — Б.48-58. [Электронный ресурс] — URL: <https://doi.org/10.26577/JH.2023.v111.i4.05> (дата обращения 10.10.2024).
20. Ресей Федерациясы Мемлекеттік Архиві, 9479 - қор, 1- тізбе, 234 – іс, 23-парақ.
21. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД (Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті), 9 қор, 2-тізбе, 342 -іс, 7-парақ.
22. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор,2-тізбе, арх.93, 334-п; 1-тізбе,2-том,.арх..93, 334-п.
23. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 2-том, арх.93, 335- п.
24. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 1-том, арх.92, 72-73 пп.
25. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 1-том, арх.92, 75 п.
26. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, Ф.9.Д.1Т.2.Арх.93. ЛЛ. 198-205.
27. Түркістан облысындағы саяси қуғын-сүргіннің естеліктері. Түркістан. 2023.-235 б.
28. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор,. 1-тізбе, 2-том, арх.93, 301-302-пп.
29. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 2-том, арх.93, 198-205.
30. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 2-том, арх.93, 304-п.
31. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 2-том, арх.93, 340- п.
32. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 2-том, арх.93, 305-п.
33. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор,1-тізбе, 2-том, арх.93, 337-п.
34. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 2-том, арх.93,. 342.
35. ТОМА (Түркістан облыстық Мемлекеттік Архиві), 211-қор, 4-тізбе, 89-іс.
36. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1- тізбе, 4-том, арх.95, 9-10 пп.
37. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 2-том, арх.93, 298-299 пп.
38. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 1-том, арх.92, 205-п.
39. ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 -қор, 1-тізбе, 2-том, арх.93, 339-п.

УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДА ДЕПОРТИРОВАННЫХ ИЗ СЕВЕРНОГО КАВКАЗА В ЮЖНЫЙ КАЗАХСТАН: НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ 1944 ГОДА

Аннотация

В статье исследуется трагическая судьба народов, депортированных из Северного Кавказа в Южно-Казахстанскую область в 1943–1944 годах. Рассматриваются причины насильственного переселения, условия депортации и ее последствия. В исследовании использованы докладные записки областного управления Народного комиссариата внутренних дел (НКВД), отчеты о расселении и трудоустройстве спецпереселенцев, справки, а также статистические данные о численности депортированных. Депортация проводилась в несколько этапов, начиная с поздней осени 1943 года, и затронула карачаевцев, чеченцев, ингушей, балкарцев, а также другие малые народы. В процессе переселения спецпереселенцы пережили тяжелейшие условия пути, нехватку продовольствия и медицинской помощи, что привело к высокой смертности. По прибытии в Южный Казахстан депортированные были вынуждены жить в бараках, сараях и непригодных для жилья подвалах. В статье также анализируются условия труда депортированных, трудности их адаптации к местной жизни и дискриминационные ограничения в сфере труда, установленные властями. Спецпереселенцы работали в

сельском хозяйстве, промышленности и строительстве, показывая высокую производительность труда, однако их права были ограничены, уровень оплаты труда оставался низким, а нехватка продовольствия заставляла искать альтернативные способы выживания. Также рассматриваются социальные и психоэмоциональные последствия депортации, включая утрату надежды на возвращение на родину, чувство социальной изоляции и отчуждения. Цель исследования – на основе архивных документов и статистических материалов выявить и проанализировать особенности принудительной депортации карачаевцев, чеченцев, ингушей, балкарцев и других народов Северного Кавказа в Южно-Казахстанскую область в 1943–1944 годах, раскрыть условия их переселения, расселения и трудовой деятельности, а также определить последствия депортации для депортированного населения и региона. В результате исследования выявлены социально-экономические и демографические последствия депортации, такие как разрушение традиционного уклада жизни, утрата связи с родными местами и проблемы долгосрочной реабилитации депортированных народов. В статье обоснована необходимость дальнейшего изучения этой темы с целью восстановления исторической справедливости и оценки последствий депортации на региональном и национальном уровнях.

Ключевые слова: Северный Кавказ, спецпереселенцы, Южно-Казахстанская область, трудовые условия, жилищные условия, оплата труда.

LIVING AND LABOR CONDITIONS OF THOSE DEPORTED FROM THE NORTH CAUCASUS TO SOUTHERN KAZAKHSTAN: BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS OF 1944»

Annotation

The article explores the tragic fate of peoples deported from the North Caucasus to South Kazakhstan in 1943–1944. It examines the causes of forced relocation, migration conditions, settlement, labor, and its social, economic, and demographic consequences. The study is based on archival documents, including reports of the Regional Department of the People's Commissariat of Internal Affairs (NKVD), records on the resettlement and employment of special settlers, references, and statistical data. The deportations occurred in several stages beginning in late 1943 and affected Karachays, Chechens, Ingush, Balkars, and other peoples. During the relocation, special settlers faced severe conditions, including food shortages and inadequate medical care, resulting in high mortality. Upon arrival, many were housed in barracks, barns, and unsuitable premises. The article analyzes their labor conditions and difficulties adapting to local life. Special settlers worked in agriculture, industry, and construction, demonstrating high productivity despite restricted rights, low wages, and food shortages. The study also considers the social and psycho-emotional consequences of deportation, including loss of homeland, social isolation, alienation, and diminished hope of return. The aim of the study is to identify and analyze, based on archival and statistical materials, the specific features of the forced deportation of North Caucasian peoples to South Kazakhstan in 1943–1944, examine the conditions of their displacement, settlement, and labor, and determine its consequences for the deported population and the region. The findings reveal significant socio-economic and demographic consequences, including the destruction of traditional lifestyles, loss of homeland, demographic disruption, and long-term rehabilitation challenges. The study demonstrates that deportation not only caused severe human suffering but also transformed the social and economic structure of the receiving region. The article emphasizes the importance of further research to restore historical justice, preserve collective memory, and assess the regional and national consequences of forced deportation.

Keywords: North Caucasus, special settlers, South Kazakhstan region, labor conditions, housing conditions, wage payment.

REFERENCES

- 1 Nekrich A. (1978) *Nakazannye narody [Punished Peoples]*. Nü-ïork. 350 p. [in Russian].
- 2 Krichlou J. *Represirovannye narody Sovetskogo Soiuz: Nasledie stalinskih deportasi. Ochet Helsinkskoi gruppy po pravam cheloveka. Helsinkskaa grupa po pravam cheloveka. [Repressed Peoples of the Soviet Union: The Legacy of Stalinist Deportations. Helsinki Watch Report]* Available at: – URL: <https://lib.memo.ru/book/10624>. [in Russian] (accessed:16.09.2025).
- 3 Agiev R.S. (2003) *Tragedia chechenskogo i inguşskogo narodov v 30-50-h gg. XX veka: Deportasia, spesposelenia, reabilitasia [The Tragedy of the Chechen and Ingush Peoples in the 1930.50 p: Deportation, Special Settlements, Rehabilitation]* Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. Spes. 07.00.02 «Otechestvennaia istoria» / R.S:Agiev Rostov-na-Donu. 28 p. [in Russian]
- 4 Murtazaliev V.İu. (2005) *Konstitusionno-pravovaia reabilitasia represirovannyh narodov Severnogo Kavkaza. [Constitutional and Legal Rehabilitation of the Repressed Peoples of the North Caucasus]* Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. Spes. 07.00.02 – «Otechestvennaia istoria». V.İu.Murtazaliev. Mahachkala. 32 p. [in Russian].

5 Arapiev M.A. (2006) Vyselenie chechenskogo i ingushskogo narodov: razvitie, reshenie i posledstvia problemy (1940—1950) [Deportation of the Chechen and Ingush Peoples: Development, Resolution and Consequences of the Problem (1940–1950)] Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. Spes. 07.00.02 – «Otechestvennaia istoria» / M.A. Arapiev. Pätigorsk. 28 p. [in Russian].

6 Bakaev A.H. Vosstanovlenie Checheno-İngushskoi ASSR: predposylki, uslovia i etapy reshenia problemy (1950-e - nachalo 1960-h godov) [Restoration of the Chechen-Ingush ASSR: Preconditions, Conditions and Stages of Problem Resolution (1950–early 1960)]. Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. Spes. 07.00.02 «Otechestvennaia istoria» / A.H. Bakaev. Pätigorsk. 2006. 27.p. [in Russian].

7 İsakieva Z.S. İz istorii prinuditelnyh pereseleni i prebyvaniya Severokavkazskih narodov v Kazahstane (na primere chechensev i ingushei 1944-1957gg.) [From the History of Forced Resettlements and Residence of North Caucasian Peoples in Kazakhstan (Case of Chechens and Ingush, 1944–1957)]; Available at: – URL: <file:///C:/Users/User/Downloads/iz-istorii-prinuditelnyh-pereseleniy-i-prebyvaniya-severokavkazskih-narodov-v-kazahstane-na-primere-chechensev-i-ingushey-1944-1957gg.pdf>; [in Russian]. (accessed:10.05.2024).

8 Sabanchiev Kh.-M.A. (2007) Deportatsiya, zhizn v ssylke i reabilitatsiya balkarskogo naroda (1940-e – nachalo XXI v.) [Deportation, Exile Life and Rehabilitation of the Balkar People (1940s–early 21st c.)]. Avtoreferat disertatsii na soiskanie uchenoi stepeni doktora istoricheskikh nauk Rostov-na-Donu Available at: – URL: <file:///C:/Users/User/Downloads/avtoref-deportatsiya-zhizn-v-ssylke-i-reabilitatsiya-balkarskogo-naroda-1940-e-nachalo-xxi-v.pdf>; [in Russian]. (accessed:26.10.2025).

9 Chomaev K.İ. (1993) Nakazannyi narod. [Punished People] / K.İ. Chomaev. Grozni. 255 p.; Jaboev M.N. (1994) Represirovannye narody: istoria i sovremenost / M.N. Jaboev. Nälchik. 230 p. [in Russian]

10 Qozybaev M.Q. (1990) Qazaqstan tarihnasy: tarih sabaqtary. [School textbook for the 10th grade in the Russian language" history of Kazakhstan". 3rd edition] Almaty: Rauan. 135 p. [in Kazakh].

11 Kozybaev M.K. (1992) «Qazaqstan tarihy» orys tilindegi 10-synypqa arnalğan mektep oqulygy. 3-shı basylım. [School textbook for the 10th grade in the Russian language" history of Kazakhstan". 3rd edition] Almaty. P. 209-215. [in Kazakh].

12 Aldajumanov K.S. (2010) Voina i deportirovannye v Kazahstan narody // Tarihtan tağylym ötkenge tağzym. [The war and the peoples deported to Kazakhstan // Tarikhtan tagylym – atkenge tagzym] Astana. P. 140–150. [in Russian].

13 Aldajumanov K.S. (1997) Deportatsia narodov prestuplenie totalitarnogo rejima / K.S. Aldajumanov, E.K. Aldajumanov. [The deportation of peoples is a crime of the totalitarian regime] Almaty: Fond «HHI vek». [in Russian] Aldajumanov Q. (1997) Küştep köşiru: jymysqy saiasat, basqynşylyq äreket // Qazaq tarihy. [Forced eviction: politics, occupation // Kazakh history]. №4. P. 33. [in Kazakh].

14 Kan G.V. (2011) İstoria Kazahstana. Uchebnik dlä vuzov [History of Kazakhstan. University Textbook] – Almaty. 311 p. [in Russian].

15 Kan G.V. (1994) Qazaqstannyñ koreileri [Koreans of Kazakhstan]. Almaty. 185 p. [in Kazakh]

16 Abuov N. (2008) Deportatsii narodov v Kazahstan v 1936-1957 gg. (na materialah Severo-Kazahstanskoi i Kokchetavskoi oblastei) [Deportations of Peoples to Kazakhstan in 1936–1957 (Based on Materials of North Kazakhstan and Kokchetav Regions)]. Avtoreferat. na soisk. uch. st. k.i.n Qarağandy. 28p. [in Russian].

17 Şeriazdanov B.R. (2022) Qazaqstanğa deportasiamen kelgen etnikalyq toptary ökilderiniñ eleulı üles qosqan qairatkerleri [Prominent Figures among Ethnic Groups Deported to Kazakhstan]. L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetiniñ Habarşysy. Tarihi gylymdar. Filosofia. Dıntanu seriasy. №4 (141). P.134-149. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-134-149. [in Kazakh].

18 Şotbakova L.K. (2022) Deportatsia narodov Kavkaza v Kazahstan: istoria i problemy reabilitatsii. [Deportation of the Peoples of the Caucasus to Kazakhstan: History and Problems of Rehabilitation] //Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seria «İstoria. Filosofia». No1(105) P. 170-180. Available at: – URL: <https://history-philosophy-vestnik.ksu.kz/index.php/history-philosophy-vestnik/article/view/625/554> [in Russian]. (accessed:16.11.2024)

19 Kozgambaeva G.B., Äbildos R. (2023) Qazaqstanğa ekinşı dünüejüzılık soğys jyldarynda jer audarylğan halyqtardyñ äleumettik beıımdelu мәseleleri (şeşen jäne inguş halyqtary mysalynda). [Social Adaptation Issues of Peoples Deported to Kazakhstan during World War II (Case of Chechen and Ingush Peoples)] QazÜU Habarşysy. Tarih seriasy. №4 (111). P. 48-58. Available at: – URL:<https://doi.org/10.26577/JH.2023.v111.i4.05>. [in Kazakh].

20 Resei Federasiyasy Memlekettik Arhivı, [State Archive Of The Russian Federation] 9479 - qor, 1- tızbe, 234 – is, 23 p. [in Kazakh].

21 QR BP QSJAEK TOD (Qazaqstan Respublikasynyñ Bas prokuraturasy Qūqyqtyq statistika jäne arnaiy esepke alu jönindegi komitetiniñ Türkıstan oblysy boıynşa departamenti), [Department of the Committee on Legal Statistics and special records of the general prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan for the Turkestan region] 9 qor, 2-tızbe, 342 -is, 7-paraq. [in Kazakh].

22 QR BP QSJAEK TOD, 9 -qor,2-tızbe, arh.93, 334-p; 1-tızbe,2-tom, arh..93, 334-p. [in Kazakh].

23 QR BP QSJAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 2-tom, arh.93, 335- p. [in Kazakh].

24 QR BP QSJAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 1-tom, arh.92, 72-73 pp. [in Kazakh].

25 QR BP QSJAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 1-tom, arh.92, 75 p. [in Kazakh].

- 26 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, F.9.D.1T.2. Arh. 93. LL. 198-205. [in Kazakh].
- 27 Türkistan oblysyndaғы saiası quǵyn-sürǵınıń estelikteri. [Memoirs of Political Repressions in Turkistan Region]. – Turkistan, 2023. – 235 p. [in Kazakh].
- 28 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 2-tom, arh.93, P. 301-302. [in Kazakh].
- 29 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 2-tom, arh.93, P.198-205. [in Kazakh].
- 30 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 2-tom, arh.93, 304-p. [in Kazakh].
- 31 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 2-tom, arh.93, 340-p. [in Kazakh].
- 32 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 2-tom, arh.93, 305-p. [in Kazakh].
- 33 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 2-tom, arh.93, 337-p. [in Kazakh].
- 34 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 2-tom, arh.93, 342-p. [in Kazakh].
- 35 TOMA (Türkistan oblystyq Memlekettik Arhivi), 211-qor, 4-tızbe, 89-ıs. [in Kazakh].
- 36 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1- tızbe,.4-tom, arh.95, №9 10-p. [in Kazakh].
- 37 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 2-tom, arh.93, P. 298-299. [in Kazakh].
- 38 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 1-tom, arh.92, 205-p. [in Kazakh].
- 39 QR BP QSjAEK TOD, 9 -qor, 1-tızbe, 2-tom, arh.93, 339-p. [in Kazakh].

Information about authors:

Barshagul Isabek – candidate of historical sciences, associate professor at the Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan

E-mail: barsha73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>

Lazat Dinasheva – **corresponding author**, candidate of historical sciences, associate professor at the International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Republic of Kazakhstan

E-mail: Lazat.Dinasheva@iuth.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0831-4162>

Maksat Tuleev - PhD doctoral student, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan

E-mail: makhsat.tuleev@ayu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8426-485X>

Gulnar Kozgambayeva – candidate of historical sciences, professor, at al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0637-5044>

Информация об авторах:

Баршагуль Исабек - кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узекалы Жанибекова, г. Шымкент, Республика Казахстан

E-mail: barsha73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>

Лазат Динашева – **основной автор**, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Международный университет туризма и гостеприимства, г.Туркестан, Республика Казахстан

E-mail: Lazat.Dinasheva@iuth.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0831-4162>

Максат Тулеев – докторант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г.Туркестан, Республика Казахстан

E-mail: makhsat.tuleev@ayu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8426-485X>

Гульнар Козгамбаева – кандидат исторических наук, профессор исторического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0637-5044>

Авторлар туралы ақпарат:

Баршагуль Исабек – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: barsha73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>

Солтүстік Кавказдан оңтүстік Қазақстанға депортацияланғандардың тұрмыс және еңбек жағдайлары: 1944 жылғы архивтік құжаттар негізінде

Лазат Динашева – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Lazat.Dinasheva@iuth.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0831-4162>

Мақсат Тулеев - PhD докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8426-485X>

Гульнар Козгамбаева – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0637-5044>